

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 6D060700 – Биология, 6D070100 - Биотехнология, 6D061300-Геоботаника мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 7

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 12 адам. Диссертациялық кеңестің мүшесі. Шет елдік ғалым Францияның PhD-і, Вильжуиф қаласы Густава Русси онкологиялық орталығындағы «ДНК Репарациясы» зертханасының меңгерушісі, профессоры Сапарбаев Мұрат белгілі себептермен диссертациялық кеңестің 7 отырысына қатыспады.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО
1	Гриценко Диляра Александровна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2	Бауенова Меруерт Өмірбайқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
3	Жунусова Айгуль Сагиндыковна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
4	Айсина Дана Евгеньевна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Гриценко Диляра Александровна - диссертациялық жұмысы өсімдіктердегі рекомбинантты ақуыздарды алу үшін жүзімнің А вирусының геномы негізінде вирустық векторды құруға арналған. Жұмыс нәтижесінде екі вектор құрылды, біріншісі жүзімнің А вирусының толық геномы негізінде құрылған, екіншісі гетерологиялық генге 4-ші ашық оқу қоршауын (АОҚ)

ауыстыру арқылы - геномды деконструкция жолы жасалды. Векторлардың жұмыс жасау қабілеттілігі гетерологиялық гендерді енгізумен тексерілді: жасыл флуоресцентті ақуыз (ЖФА) гені; алма жапырағының хлоротикалық теңбілділік вирусының (АЖХТВ) каспидтік ақуыз гені.

Бауенова Меруерт Өмірбайқызы - диссертациялық жұмысы микробалдырлар мен жоғары сатыдағы су өсімдіктерінің ассоциациясын құруға және оның ластанған су экожүйелерін биоремедиациялаудағы мүмкіншілігін зерттеуге арналған.

Жунусова Айгуль Сагиндыковна - диссертациялық жұмысы төмен температуралық плазма әсерінен қуық асты безінің қалыпты және ісік клеткаларының энергетикалық метаболизмі өзгеруінің клеткалық механизмдерін зерттеуге арналған.

Айсина Дана Евгеньевна - диссертациялық жұмысы miRNA-ның сүт безі қатерлі ісігінің дамуына жауапты гендерінің mRNA мен miRNA-ның өзара әрекеттесуін зерттеуге және сүт безі қатерлі ісігінің ерте диагностикасы үшін miRNA және кандидаттық гендер ассоциациялар негізінде жаңа диагностикалық маркерлерді іздеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Д.А. Гриценконың диссертациялық жұмысы 1334/ГФ «Өсімдіктерден рекомбинатты белоктарды алу үшін вирус векторын жасау» атты ғылыми жоба негізінде, №АР05132367 «Өсімдіктерден вирус векторын пайдалану арқылы вакцинаны алу биотехнология жобаларының аясында орындалды.

М.Ө. Бауенованың диссертациялық жұмысы №4256/ГФ4 «Фито-альго-цианобактериалды консорциумдарды пайдалану негізінде ауыр металдардан әр түрлі қалдық суларды биоремедиациялау», № 0115РК00395 (2015-2017 жж.); №0477/ГФ4 «Биожанармай, биотыңайтқыш және биологиялық белсенді қоспалар алу үшін келешегі мол фототрофты микроорганизмдердің коллекциялық дақылдарын толықтыру, сақтау, құжаттандыру және мәліметтер банкін құрастыру», № 012РК00290 (2015-2017 жж.); АР05131743 «Биомониторинг технологиясының ғылыми-әдістемелік негізін өңдеу және фототрофты микроорганизмдерді пайдалана отырып, ластанған су экожүйесінің жағдайын болжау», № 0118РК00086 (2018-2020 жж.) жобаларының шеңберінде орындалды.

А.С. Жунусованың диссертациялық жұмысы қуық асты безі ісігін зерттеу үшін «Cornelius Beukenkamp» (2013-2015) және «Mary DeWitt Pettit

Fellowship» (2013-2015) Фондтарының қолдауымен Дрексель университетінің хирургия кафедрасының митохондрия патофизиологиясы зертханасы базасында жасалды (жоба жетекшісі Дрексель университетінің профессоры З.С. Орынбаева). Сонымен қатар, биофизика және биомедицина кафедрасының «Заманауи биофизика және биомедицинаның өзекті мәселелері» (2013-2018) атты инициативтік тақырыбы бойынша орындалды.

Д.Е. Айсинаның диссертациялық жұмысы Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № AP05132460 «miRNA мен олардың нысана гендерінің ассоциацияларына негізделген жүрек-қан тамыр, онкологиялық және нейродегенеративті ауруларды ерте диагностикалау үшін тесттік жүйелерді өндеу» жоба ішінде жүзеге асырылды.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Д.А. Гриценконың диссертациялық жұмысы нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілуі. Д.А. Гриценконың докторлық диссертациясының нәтижелері Қазақ ұлттық аграрлық университетіне коммерциялық келісім шарт негізінде жасалынды. А векторы негізінде *Brucella abortus* антигенін экспрессиялау арқылы геномды деконструкциялау жолы анықталды. Жүзімнің А вирусының геномының векторы толық құрастылып, Өсімдіктерді қорғау және карантин Институтына *Erwinia amylovora* антигенін өндіріске енгізілді. Ғылыми-техникалық құрастырылымы бойынша актісі бар.

М.Ө. Бауенованың докторлық диссертациясының нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биотехнология кафедрасының 3 курс бакалаврлары «6B070100-Биотехнология» мамандығының «Экологиялық биотехнология» пәнінің оқу мазмұнына енгізілді

А.С. Жунусованың докторлық диссертациясының нәтижелері ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтына DU145 қуық асты безі ісігі клеткаларының әсер ету механизмі бойынша төмен температуралық плазманы қолдану арқылы жаңа әдістеме енгізілді (2018 жылдың 16 қарашадағы № 28-2018 ендіру актісі). Биология және Биотехнология мамандықтары бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері үшін «Биоактивті заттардың ағзаға физиологиялық және биофизикалық әсер ету механизмдері» оқу бағдарламасына енгізілді (Оқу процесіне аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысын енгізу туралы актісі, 2018 жылдың 24 қазанындағы № 3 хаттамасы).

Д.Е. Айсинаның докторлық диссертациясының нәтижелері miRNA мен нысана гендердің ассоциацияларын пайдалана отырып, сүт безі қатерлі ісігінің ерте диагностика әдістерінің негіздерін жасау болып табылады.

Магистранттар мен докторанттарға «6D070100- Биотехнология», «6M070100-Биотехнология», «6D060700-Биология» және «6D074000-Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандықтар бойынша «Диагностика және терапиядағы бионанотехнологиялар», «Биоинформатика негіздері», «Бионанотехнология негіздері» пәндерді оқыған кезде қолданылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 15 (он бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ережесінің 3.19 пунктін өзгерту және диссертацияны қорғау күнін анықтау және екі ресми рецензенттерді тағайындауды диссертациялық кеңеске құжаттарды қабылдаған күннен 30 (отыз) жұмыс күнінен кем емес уақыт аралығына өзгерту. Бұл ұсыныс докторанттарға тәуелсіз эксперттерді тағайындау нәтижесінде, тәуелсіз эксперттердің ескертпелерін жөндеу үшін, ол өз кезегінде көп уақыт алатындығыменен байланысты болып отыр.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

№		6D060700 – Биология	6D070100 – Биотехнология	6D061300 – Геоботаника
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	1	3	-
2	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-
3	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-
4	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО);	-	-	-
5	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
6	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-
7	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-	-	-
	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____

Бисенбаев А.К.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

Баубекова А.С.



Мөр Мерзімі 2020 жылғы "30" 01